

4

Соғыстың қаһарманы,  
еңбектің майталманы

6

Өткел  
кезекшісі

# Сыр бойы

9 қараша, сенбі 2024 жыл

№172-173 (20846-20847)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi.kz  
www.instagram.com/syrboyi\_kz  
t.me/syrboyi\_kz  
twitter.com/syrboyi

## /// ПРЕЗИДЕНТ

### «ҚЫЗЫЛОРДА - ЖЕЗҚАЗҒАН» АВТОЖОЛЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖОСПАРДА БАР

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы бағдарламасының 23-ші министрлік конференциясына қатысу үшін Астанаға келген Азия даму банкінің президенті Масацугу Асакавамен кездесті.

Мемлекет басшысы мәртебелі мейманды Қазақстан мен Азия даму банкінің нәтижелі қарым-қатынасының 30 жылдығымен құттықтады. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз қаржы институтымен өзара ықпалдастықтың стратегиялық сипатын, сондай-ақ банктің ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға және ұлттық қаржы жүйесін нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалайтынын айтты.

Азия даму банкі 1994-2024 жылдар аралығында Қазақстанда жалпы сомасы 7 миллиард долларға жуық жобаларды қаржыландырды. Атап айтқанда, банк Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық көлік дәлізін салуға, сондай-ақ «Ақтөбе-Қандыағаш» жолын қайта жөндеуге қатысты.

Қазақстан Президенті жаңа басым бағыттар бойынша бірлескен шараларды одан әрі жалғастырудың маңызды екенін атап өтті. Мемлекет басшысы Қазақстанда экономиканы ырықтандыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және еліміздің экономикалық әлеуетін арттыру үшін қажетті жағдай жасау жұмыстары жалғасып жатқанын жеткізді. Сондай-ақ экономиканы декарбонизациялау өзара іс-қимылдың перспективті салаларының бірі екенін тоқталды.

Өз кезегінде Масацугу Асакава еліміздің экономикалық реформалары мен орнықты даму жолындағы табысын оң бағалады. Сонымен қатар банктің Қазақстанмен тығыз ынтымақтастықты жалғастыруға, соның ішінде инфрақұрылымды жаңғырту, әлеуметтік саланы жетілдіру және инвестициялық ахуалды нығайту бағытындағы ірі жобаларға қатысуға дайын екенін растады.

Азия даму банкі президентінің сапары аясында жалпы құны 300 миллион доллардан асатын «Қызылорда-Жезқазған» автожолының құрылысын қаржыландыру туралы келісімге қол қою жоспарланып отыр.

## /// ТІЛЕКТЕСТІК

### ТҮРІКМЕН ЕЛІНІҢ ҚҰРМЕТІ

Сыр елінің әдебиеттанушылары тағы бір мәртебелі марапатқа ие болды. Мақтымқұлы Пырағының шығармашылығын зерттеуге атсалысқан әлемнің бірқатар мемлекетіндегі түркітанушы ғалымдарға Түрікменстан Президентінің жарлығымен ұлы ақынның туғанына 300 жыл толуына арналған мерекелік алтын медаль берілді. Олардың арасында қазақстандық екі филолог-ғалым бар. Екеуі де – Сыр топырағының перзенттері. Жерлестеріміз – ҚР ҰҒА академиктері Амантай Шәріп пен Бауыржан Омаров қазақ-түрікмен әдеби байланыстарын саралап, Мақтымқұлының өмірі мен шығармашылығы туралы сериялы мақалалар жазғаны үшін марапатталды. Амантай Шәріпке мерекелік медаль Мақтымқұлы Пырағының 300 жылдығына орай Ашхабатта өткен салтанатты жиында тапсырылды. Бауыржан Омаровқа Түрікменстанның Қазақстандағы елшісі Батыр Реджепов елшілік ғимаратында табыс етті.

Ғалым жерлестерімізді кезекті жетістігімен құттықтаймыз!

«Сыр бойы» газетінің ұжымы

## /// ҚАЗАҚСТАН МӘСЛИХАТТАРЫНА – 30 ЖЫЛ

### МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНДА МӘСЛИХАТТЫҢ ЫҚПАЛЫ ЗОР



Өнер орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. Оған Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Ергешбаев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбен, барлық деңгейдегі мәслихат төрағалары мен депутаттар, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

2-бет

## /// КӘСІБИ МЕРЕКЕ

### ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ СЕРПІН

2022 жылдан бастап 10 қараша Цифрландыру және ақпараттық технологиялар қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып бекітілді. Содан бері сала мамандары айтулы датаны атап өтуде. Өңірде цифрландыру саласында жаңа жобалар жүзеге асып, сандық жүйенің көкжиегі кеңейуде. Жаңанды дәріптірген жасанды интеллект пен IT саланың өзге де цифрлық құзыреттілігі бізге де бейтаныс емес. Заман ағымы барлық саланы цифрландыруды талап етуде. Сандық форматқа ауысу – уақытты үнемдеумен қатар, жаһандық дамуға ілесу.

Осы орайда облыс әкімі аппараты цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Сәбит Ибадулла атқарылып жатқан ауқымды істер жайында кеңінен айтып, алдағы жобаларға да тоқталды.

Өңірдегі цифрландыру «ақылды» қалалардың эталондық стандарты аясында жүзеге асырылады. Қауіпсіздік бойынша қалада 18630 бейнебақылау камерасы жұмыс істейді. Оның 5860-ы Жедел басқару орталығына қосылған. Жол-қозғалыс оқиғаларының алдын алу үшін 20 «Аркан» жылдамдық өлшеуіш құралы орнатылды. Облыстық жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары басқармасы және «Көркем Телеком» ЖШС меморандумға отырып, пилоттық режимде 100 бейнебақылау камерасы мен 10 стационарлық жылдамдық өлшегіш қондырғысы іске қосылды. Адамдар көп шоғырланатын орындарда «SOS» дабыл батырмасы қойылып, қалалық полиция басқармасы заманауи техникамен толықты. Нәтижесінде жыл басынан бері бейнекамераның көмегімен 121 қылмыс ашылды. Алдағы уақытта 1400 бейнебақылау камерасын, 19 интеллектуалды қиылыс, 50 жылдамдық өлшегіш құрал орнату және Жедел басқару орталығын қайта жаңғырту жоспарлануда.



Фото: Ашық дереккөзден

2-бет

### ҒАСЫРЛАР ТОЛҚЫНЫНЫҢ ДАРАБОЗДАРЫ

Күні кеше Арал қаласында «Ғасырлар толқынының дарабоздары» атты мерекелік іс-шаралар салтанат құрды. Оның аясында Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 100 жыл және халық батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдығына орай конференция, көпшілік әрі мәдени-спорттық шаралар ұйымдастырылды.

Әуелі Ә.Нұрпейісов атындағы әдебиет үйінің алдында «Әлем таныған Әбе» атты шараның ашылу салтанаты болды. Балықшы қауымының өмірін өрнектеген «Теніз өмір арнасы» атты қойылым ерекше әсер сыйлады. Салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов аймақ басшысының ыстық ықыласын жеткізді. Жазушы шығармашылығы мен жүріп өткен жолы жайлы кеңінен тоқталып өтті.

– Әбдіжәміл Кәрімұлы – саналы ғұмырында туған жерінің талайлы тағдырына алаңдап, тұтас дәуірдің жүгін арқалай білген алып тұлға. «Қазақстанның Еңбек Ері», Қазақстанның халық жазушысы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісовтің туғанына биыл 100 жыл толып отыр.

2-бет



## /// САРАП

### ШЕТЕЛДЕН ШИПА ІЗДЕГЕНДЕР НЕГЕ КӨП?

Кейінгі кезде басы ауырып, балтыры сыздағандар арасында шетелден ем іздеушілер қатары көбеймесе азаймай отыр. Қалтасы қалын, жағдайы барларды айтпағанда, жан-жағынан жылу жинап, болмаса кредитке кіріп шыбын жаны үшін шекара асатындары қаншама?! Оған күнделікті әлеуметтік желілерде тарап жатқан науқастарға қаржы жинаған жарнамалар куә. Одан қалды, айналамыздағы адамдардың «Пәленше Тәшкенге барып емделіп келіпті, Түгенше Түркияға барып дәрігерге қаралып қайтыпты» дегеніне де құлақ үйренгелі қашан. Әйтеуір баладан еңкейген қарияға дейін сырт елден сырқатына дауа іздеп сандалып жүр.

Өрине, бауыр еті – баласының аурудан қиналғанына қай ата-ана шыдайды? «Шетелге барсам балам ауруынан айығар» деген үміт шекара асуға жетелейтіні сөзсіз. Оның бер жағында «шетелдің медицинасы мықты, мамандары білгір» деген түсінік қалыптасқаны жасырын емес ел арасында.

3-бет

**БАСПАСӨЗ – 2025**

**Құрметті оқырман**

**2025 Жылдың Бірінші Жартыжылдығына «СЫР МЕДИА» ЖШС-на ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ**

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:  
**жекелер үшін – 4000 теңге,  
мекемелер үшін – 5000 теңге**

Валюта бағамы \$ 492,22 kzt

€ 529,38 kzt

₸ 5,03 kzt

Ауа райы +2° +5°

+5° +8°



## /// УКИМЕТ ОТЫРЫСЫ

## СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ШАРАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде су тасқыны кезеңіне дайындық мәселесі қаралды. Жиынға жауапты министрліктер қатысып, өңір әкімдіктері онлайн байланыс арқылы қосылды.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен арнайы мәжілісте жауапты сала мамандарына су тасқынының алдын алу, тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару бойынша бірқатар тапсырма жүктелді.

Біз 2023-2024 жылдардағы су тасқыны кезеңін шығынсыз өткіздік. Дегенмен, апат айтып келмейді. Алдын алу бағытындағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастырып, дайын отыруымыз қажет. Сырдария өзенінің қауіпті тұстарын жөндеу, қалпына келтіруді қысқа мерзімде аяқтаңыздар. Су тасқынына қарсы материалдық-техникалық қордың толық болуын қамтамасыз ету керек, — деді Н.Нәлібаев.

Бүгінде су тасқынының алдын алу мақсатында арнайы құрылған жұмыс топтары қорғаныс бөгеттерін қарап шығып, қауіпті учаскелерді анықтады. Қорғаныс бөгеттерін, 3 нысанды жөндеу-қалпына келтіруге облыстық бюджеттен 130,5 млн теңге қаржы бөлінді. Қазіргі таңда жұмыс жүргізілуде.

Су қоймаларының жобалық көлемі 34,4 млн текше метр болса, биыл 12,03 млн текше метр су жиналып, елді мекендерді аяқсумен қамтамасыз етуге, шабындықтар мен жайылымдарды суландыруға мүмкіндік туды.

Мемлекет басшысы коммуналдық меншіктегі гидротехникалық құрылыстарды пайдаланатын, басқаратын мамандандырылған ұйымдарды үш ай ішінде құру туралы облыс әкімдіктеріне тапсырма берген болатын. Соған сәйкес, «Арна» коммуналдық-мемлекеттік мекемесі құрылды.

Сонымен қатар, аймақ басшысы тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу жобаларын «Өнеркәсіпті дамыту қоры» сараптамасының екінші кезеңінен өткізуді тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

## МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНДА МӘСЛИХАТТЫҢ ЫҚПАЛЫ ЗОР

Аймақ басшысы сөзінің барысында өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында таяу жылдары жол, құрылыс, электр энергиясы, коммуналдық сала бағытында іске асырылған бірқатар жұмыстарға тоқталды.

— Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында бүгінгі күні облыс бюджеті 744 млрд теңгеден асты. Осыдан екі жыл бұрын 364 млрд теңге болатын. Өсім 204,4 пайызды құрала. Бұл қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларға жұмсалуда.

Биыл 43 млрд теңгеден астам қаржыға 300 шақырымға жуық автомобиль жолдары жөнделуде. Соңғы үш жылда 1271 шақырым жол қайта жөндеуден және жаңғыртудан өтті. Осылайша жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асады. Ал электр энергиясымен қамту бағытында 2022 жылдан бері 20 млрд теңгеге 60 жоба жүзеге асып, биылдың өзінде 11 млрд теңгеге 38 жоба қолға алынған. Бұл электр желілерінің тозу деңгейін 62 пайызға төмендетеді.

Халықты табиғи газбен қамту деңгейі 75 пайыз. Өңірдегі барлық қала мен аудан орталықтары, 29 ауылдық елді мекен табиғи газға қосылған. Биыл газдандыру жобаларына 30 млрд 500 млн теңге қаржы бөлінді. Аталған қаржыға 306 шақырым газ желілері салынды. Бұл 20 мыңнан астам халқы бар 17 елді мекенді газға қосуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда елді мекендерді сапалы ауысумен қамту бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілуде. 2022 жылдан бері облыс аумағында 16 млрд 800 млн теңгеге 55 жобасы жүзеге асты. Халықты орталықтандырылған ауысумен қамтамасыз ету деңгейі жыл аяғына дейін 98,6 пайызға жетеді, — деді аймақ басшысы.

Салтанатты жиында облыс әкімі ел аманаты жолында абыройлы қызмет атқарып келе жатқан әр кезеңдегі мәслихат депутаттары мен белсенді азаматтарды ҚР Сенат Төрағасының «Алғыс хатымен», Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапаттап, «Қазақстан мәслихаттарына — 30 жыл» төсбелгісін табыстады.

Өнер орталығындағы салтанатты жиын облыс филармониясы көркемөнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.

\*\*\*

Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына орай облыс әкімдігінде «Жергілікті өкілді орган — мәслихаттардың өңір дамуындағы орны мен рөлі» тақырыбындағы ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференция жұмысын облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеумбетов жүргізді.

Жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов және Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Ерғешбаев, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенев, мемлекет және қоғам қайраткері Бекмырза Еламанов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазақстанның Еңбек Ерлері Абзал Ералиев, Имамзада Шағыртаев, барлық деңгейдегі мәслихат төрағалары мен

1-бет

депутаттар, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Конференцияның күн тәртібіне сәйкес «Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі мәслихаттардың рөлі мен маңызы» тақырыбында баяндама жасаған Сенат депутаты Руслан Рүстемовты жылдар көлемінде жинақталған тәжірибе айқындағандай, бүгінгі таңда мәслихат депутаттарының құрамын қалыптастырудың маңызды екенін атап өтті.

— Мәслихаттар — жергілікті жердегі өкілді орган ретінде азаматтардың басқаруындағы ашықтық пен белсенділікті нығайтуға ықпал ететін, халық пен билік арасындағы өзара іс-қимылдың негізгі тетігі. Алғашқы сайлаудан бері мәслихаттарды нығайту және құрылымдық жаңғырту бойынша маңызды қадамдар жасалуда. 2022 жылғы конституциялық реформа аясында басталған дәйекті өзгерістердің нәтижесінде мәслихаттар өз өкілеттіктерін кеңейтті. Олардың қызметі басқарушылық және реттеуші функциялардың кең спектріне қамтиды.

Мәслихат депутаттары Сенаторларды сайлағаны сияқты, облыс және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерін таңдауы сияқты маңызды функцияларды іске асыра отырып, елдің саяси жүйесінде шешуші рөл атқарады. Осылайша мәслихат депутаттары биліктің атқарушы және заң шығарушы тармағының өкілдігі мен тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, басқару жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды, — деді Р.Рүстемов.

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры, заң ғылымдарының кандидаты Ақзада Мадалиева «Жергілікті өкілді органдардың демократиялық қоғам қалыптастырудағы орны» тақырыбында баяндама жасап, осынау уақыт аралығында барлық деңгейдегі мәслихаттардың елмен ашық қарым-қатынас орнатып, демократиялық қоғам қалыптастыруда нәтижелі жұмыс атқарып келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов партия тарапынан қолға алынған басты жобалардың өңірде белсенді іске асырылып, өз нәтижесін бере бастағанын айтты.

Конференция барысында депутаттар мен бірқатар азаматтар ҚР Парламент Сенаты Төрағасының және Парламент Мәжілісі Төрағасының «Алғыс хаттарымен», облыс әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталып, «Қазақстан мәслихаттарына 30 жыл» мерекелік медалі табысталды. Депутаттар өмір жолынан алынған «Аманат жүгі» деректі кітабының тұсауы кесілді.

Айта кетейік, Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына орай жыл басынан бері түрлі мәдени-бұқаралық, ақпараттық-индустриялық іс-шаралар өткізілуде. Оның ішінде, облыстық мәслихаттың ұйымдастыруымен және ҚР Шахмат Федерациясының қолдауымен «SENAT OPEN» ҚР Парламенті Сенатының шахматтан ашық кубогы және тоғыз-құмалақтан «Абай жүлдесі» облыстық турнирі өткізілді.

Ғазиза ӘБДУА,  
«Сыр бойы»

## ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ СЕРПІН

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қауіпсіз қала» жобасы іске асырылды. Қала бойынша 44 білім беру ұйымына бейнебақылау камералары, дабыл батырмалары Жедел басқару орталығына 100 пайыз қосылды.

Әлеуметтік сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстар да ауқымды. Облыстық медицина ұйымдары тұрғындарға электронды денсаулық паспортты толтырады. Бұл жұмыс 93,6 пайызға орындалып отыр. Дәрігерге тіркелу, дәрігердің тағайындауы электронды түрде «Даму-мед» жүйесі арқылы жүзеге асырылады. 15 медициналық ұйымда телемедицина құралдарының кешені орнатылған. Зерттеу нәтижелерін жоғалтудың алдын алу, қайталама зерттеулер жүргізуді болдырмау және медициналық құжатты ұзақ тұрақты сақтау үшін «DICOM бейнелерін жіберу және архивтеу үшін PACS жүйесін енгізу» жобасы бар. Қазір денсаулық сақтаудың цифрландыру саласындағы негізгі міндет — Денсаулық сақтау министрлігінің және облыс ведомстволық бағынысты ұйымдарының ақпараттық жүйелерін біріктіру. Осы мәселені шешу үшін «e-Health» электронды денсаулық сақтаудың және цифрлық архитектурасына көшу жүзеге асырылуда. Азаматтар денсаулығының ұлттық электрондық паспорттың қалыптастыру, микросервистік архитектураны пайдалануға көшуді және эталондық деректер базасын құруды қамтамасыз ету жоспарланған.

«Қызылорда қаласының қоғамдық көліктерінде электронды билет жүйесін орнату» жобасы «AlemPay» ЖШС-ның жеке инвестициясы арқылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында іске асуда. 340 қоғамдық көліктің 320-сы электронды билет жүйесіне қосылған. Жолаушылар Kaspi.kz, Halyk bank, Activ және Kcell, Beeline ұялы байланыс операторларының қосымшалары, сондай-ақ көлік карталары мен SMS арқылы онлайн төлем жасайды. Қазіргі уақытта «AlemPay» жүйесіне 32 бағыт қосылған. «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС автобустарына көліктің жүру бағытын бақылауға арналған «System buspark» - GPS/Глонасс мониторинг жүйесі бар.

— Цифрландыру бойынша барлық салада серпін бар. Оны атқарылып жатқан жұмыстардан да аңғаруға болады. Мәселен, «Astana Hub» халықаралық технопарк, облыс әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар орталығы және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ұшжақты меморандумға қол қойды. Нәтижесінде «Kyzylorda Hub» бизнес-инкубаторы «Astana Hub» халықаралық технопаркнің тәжірибесін облысқа тарату мақсатында өңірлік хаб есебінде ашылды.

Облыс әкімінің қолдауымен инновациялық IT жобаларды дамыту мақсатында жыл сайын Pecha Kucha Night Kyzylorda, Smart city Kyzylorda «Hackathon», Innofest Kyzylorda инновациялық жобалар фестивалі өтеді. 10 ай қорытындысы бойынша «Kyzylorda Hub» бизнес-инкубаторының ұйымдастыруымен 97 іс-шара өткізілді. Жалпы қатысушылар саны 3899 адам. Сонымен қатар «Kyzylorda Hub Idea Battle» және «EdTech Hackathon Kyzylorda» байқауы өткізілді. «Tech girls» және «She-commerce» бағдарламасы бойынша 21 кіші білім алуға. Мүгедектігі бар азаматтар арасында цифрлы сауаттылықты арттыру мақсатында «Digital Skills boost» бағдарламасы жүргізіліп келеді. Бұл бағдарламада 20 азамат цифрлы сауаттылық дағдыларын арттыруда, — деді Сәбит Ибадуллаұлы.

Бұдан бөлек, 2020 жылдан облыста «Өңірлік геоақпараттық жүйе» жобасын енгізу жұмыстары басталды. Талаптарға сәйкес геопортал ашық және жабық контурларға ие. Барлық жеке және заңды тұлғалар үшін ашық контур, жүйеде мемлекеттік қызметтің 9 түрі қолжетімді. «Ақылды» қалалардың эталондық стандарты аясында Өңірлік геоақпараттық жүйе базасында автожолдардың сапасын бақылау жұмыстары жүргізілуде.

Облыста кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету бойынша да жүйелі жұмыс бар, 230 ауылдық елді мекеннің 213-і интернетпен қамтамасыз етілген. Қалғаны — 17 шалғай ауылдық елді мекен.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында өңірдегі 73 ауылдық елді мекенінің мемлекеттік органдары үшін ТӨБЖ құрылысы толығымен аяқталып, 64 ауыл әкімдігі, 72 білім беру мекемесі және 69 медициналық мекеме талшықты-оптикалық байланыс желісіне қосылды. 2023-2027 жылдар аралығында министрліктің «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында ауылдық елді мекендерді кең жолақты интернетке қолжетімді ету жұмыстары жүргізілетін болады. Жоба аясында 68 елді мекеннің 194 мемлекеттік органына кең жолақты талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу жоспарлануда. Жоба аясында Жол картасы бекітілді. Барлық облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларды 5G жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету қолға алынды. Қалада 5G стандартында Kcell операторының 16 базалық стансасы, Tele2 байланыс операторының 7 нүктесі жұмыс жасауда. Жыл соңына дейін 33 базалық станса орнатылмақ.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

1-бет

## ҒАСЫРЛАР ТОЛҚЫНЫНЫҢ ДАРАБОЗДАРЫ



Абыз жазушы қасиетті Сыр өңірінде дүниеге келіп, бүкіл ғұмырын ұлтымның рухани кемелденуіне және қазақстандықтардың шығармашылық мүмкіндігін әлемдік әдеби аренада танытуға арнаған қайраткер. Ұлт перзентіне лайықты құрмет көрсету — елдіктің, қоғамдық кемелдіктің белгісі. Алматы қаласында қаламгер есімін ұлықтау мақсатында Қазақ ПЕН клубының ұйымдастыруымен және ҚР Жазушылар одағының бастамасымен халықаралық ғылыми-танымдық конференция өтті. Облыс әкімінің қолдауымен жарыққа шыққан «Біздің Әбе» естелік кітабының тұсаукесері өткізіліп, тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды. Біз бұл шарамен шектеліп қалмаймыз. Себебі Алашқа ортақ аңыз тұлғаның мерейтойын уақыт мөлшерімен шектеп тастауға келмейді. Айттып өткеніміздей, бұл бағыттағы шаралар жалғасын табады. Өнегелі ғұ-

1-бет

мыр кешіп, соңында мол мұра қалдырған Әбдіжәміл Кәрімұлының жарқын бейнесі ешқашан ұмытылмайды, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Ұлы жазушының өмірі мен шығармашылығы жайында кеңінен танысу үшін қонақтар әдебиет үйіне экскурсия жасады. Әдебиет үйінде Әбе болмысын аша түсетін рухани құнды қазыналар жинақталған. Түрлі тарихи суреттер мен қолжазбалар, Әбеннің өзі тұтыған заттары мен сан алуан экспонаттар жиынтығы және классик жазушының өз қолымен қайта өңдеген кітабы қонақтарға ең құнды жәдігер ретінде таныстырылды.

Салтанатты шара одан әрі қазақ күресінен республикалық турнирге ұласты. Бозкілемдегі балуандар бәсекесі көпшілік делебесін қоздырды. Еліміздің әр аймағынан жиналған сайдың тасындай спортшылар өзара күш сынасты.

— Бүгінгі турнирде ең үздік

балуандар бақ сынауда. Қазақ күресінің апайтөс алыптары өзара мықтыны анықтамақ. Балуандарымыз жеке-жеке сыйға 55, 60, 70, 80, 90, 100 келі салмақ дәрежесінде күш сынасауда. Одан бөлек түйе палуандар белдесі өтеді. Бұл қазақ спортының жаңа дәуірге көтерілгенінің көрінісі. Қазақ күресі арқылы Әбдіжәміл Кәрімұлының есімін ұлықтап, жастарға спорт арқылы патриотизмді насихаттаймыз, — дейді қазақ күресінен ұлттық дәрежедегі төреші Ғалым Ержанов.

Мерейтой аясында Арал аудандық мәдениет үйінде ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі Жанқожа Нұрмұхаммедұлының туғанына 250 жыл толуына арналған «Ел қорғаны — Жанқожа» атты республикалық ғылыми-танымдық конференция өтті.

Аудандық мәдениет үйінде өткізілген жиынға облыс әкімінің орынбасары Ш.Байманов, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Кәрібаев, ал Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті филология факультеті, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты С.Қосанов, журналист, филология ғылымдарының кандидаты Н.Көбегенұлы, тарихшы-өлкетанушы Б.Қуатов, зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, облыстық аудандық мәслихат депутаттары мен аудан тұрғындары қатысты.

Конференцияны аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев жүргізді, жиынның маңыздылығы туралы дәйекті пікірлер келтірді. Ғалымдар батыр бабаның өміржолына арналған баяндамалар жасады.

Ә.Нұрпейісовтің 100 жылдығына





## ШЕТЕЛДЕН ШИПА ІЗДЕГЕНДЕР НЕГЕ КӨП?

Сөзіміз құрғақ болмасын, «Аналитик» талдау және сараптау орталығы мамандарының есебіне, қазақстандықтардың көбі жергілікті дәрігерлерге сенбей шетел асып, миллиондаған долларды өзге елде қалдыруға мәжбүр. Мәселен, 2020 жылы медициналық қызмет алу мақсатында өз күштерімен шетелде ем алғандардың саны 18 678 адамды құраса, 2021 жылы 55 061 адамды құраған. Ал 2022 жылы бұл көрсеткіш үш есеге өскен. Әлеуметтанушы Меруерт Молдабаева шетелге емделуге барған отандастарымыздың жылына 200 млн долларға жуық қаражат жұмсайтынын айтады. Сонда дейміз-ау, саулығымызға сауға сұрап жаппай сырт елге жөнкілуіміздің сыры неде? Әлде көпшілік ойлайтындай, отандық медицинаның халі осынша мүшкіл болғаны ма? Мүмкін ақ халаттыларымыздың білімі мен білігі жетпей жатқан болар? Бұлай дейін десек, елімізде әлеуметтік салаға, оның ішінде медицина мен білімге құйылып жатқан қаржы аз емес.

Түрлі реформалардан көз ашпай келе жатқан саланың бірі осы – денсаулық. Әр жыл сайын жана бағдарлама қабылданып, аурудың жеке-жеке түрлеріне көңіл бөлініп келеді. Мәселен, 2010 жылдан бастап ауруды ерте анықтау мақсатында 6 негізгі әлеуметтік мәні бар «Ұлттық скрининг» бағдарламасы енгізілді. Осылайша, отандық емханалар онкологиялық ауруларды диагностикалау мен емдеудің жоғары технологиялық әдістерінің ең озық үлгілерімен жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Десе де, жоғарыда айтып өткеніміздей, жарнамасы жүріп тұрған сырттағы елдердің медицинасы біздің нағыз бағдарламасымыз үшін «құтқарушы першедегі» көріністің жасырын емес. Алайда ғазиз жаныңызға дауа іздеп барған шетеліңіз сізді көбінесе тауар, пайда көзі ретінде ғана қабылдайтынын мойындауымыз керек. Өйткені өркеніетті елдерге жанына сауға сұрап барған науқастар жекеменшік медициналық орталықтарға жатып емделеді. Ал елімізде онкологиялық операцияларды жасау мемлекеттік мекемелерге ғана тиесілі. Сондықтан отандық медицинаның обыр дегіне деген жауапкершілігі ерекше. Одан бөлек, кардиологиялық аурулар бойынша да арнайы бағдарлама қабылданып, соның аясында облыс орталықтарында кардиобөлімшелер, орталықтар ашылып, бұрын ірі қалаларда ғана қолға алынатын күрделі операциялар өңірлерде жасалатын деңгейге жеткенін білеміз.

– Оңтүстік Корея, Германия, Сингапур, Қытай, Израил елдерінен бөлек, Ташкентке, Бішкекке барып емделетіндердің бары бізді алаңдатуы тиіс. Қырғызстан мен Өзбекстанға барып емделетіндер ол жақтағы медициналық қызметтің сапасын, дәрігерлердің біліктілігін оң бағалап келеді. Біз «Қазақстан ТМД бойынша озық елдердің қатарында» деп есеп береміз. Ал халқымыз «бізден артта қалды» деген қырғыздардың медицинасына жүгінеді. Бұл арада үлкен зерттеу керек, – дейді әлеуметтанушы Меруерт Молдабаева.

Әлеуметтанушы елімізде жемқорлықтан бөлек дәрігердің біліксіздігінен зардан шеккендер де жетерлік екенін, науқастардың көпшілігіне дұрыс диагноз қойылмайтын алға тартады.

Ал «Experts Medical» шетелдік клиникаларда емделуді ұйымдастыру

1-бет



Фото: Ашхат Перекелдин

компаниясы емделушілердің шетелден медициналық қызмет алу үшін өз елінен кетуінің негізгі себебі емдеудің жеке-жеке түрлерінің жоқтығы немесе олардың тұрғылықты жерінде жүзеге асырылу деңгейінің төмендігінен деп атап көрсетеді. Қазіргі әлемде бірқатар елдердің медицинасы, соның ішінде Түркия емханалары көптеген науқастарға, әсіресе Қазақстаннан келген емделушілерге қол жетімді болып отыр. Компания өкілдерінің айтуынша, көбінесе адамдар шетелге жоғары технологиялық медициналық әдістерді қолдана отырып, балалар мен ересектердің онкологиялық және гематологиялық ауруларын емдеу үшін (сүйек кемігін трансплантациялау, мақсатты терапия және иммунотерапия, протон терапиясы үшін), сирек (орфандық) ауруларды емдеуге, аз инвазивті хирургия үшін (мысалы, балалар мен жасөспірімдердегі сколиоз үшін, жүрек пен ми хирургиясына, роботтық араласулар үшін, жамбас пен тізе алмастыруға), IVF процедурасы үшін, диагнозды қарау және жетекші сарапшылардан емдеу режимі туралы екінші қорытындыны алу үшін және пластикалық оталардың барлық түрлері де сұранысқа ие, соның ішінде шаш трансплантациясы үшін барады.

Қазіргі уақытта статистика мен шолуларды ескере отырып, әлемнің көптеген елдерінен пациенттерге әлемдік деңгейдегі медициналық қызмет көрсету бойынша көшбасшы – Израил, Германия, Түркия және Оңтүстік Корея. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап ТМД елдерінен науқастар Израил мен Германияға келе бастады, қазір жағдай онша өзгерген жоқ. Әлемдегі ең беделді статистикалық ресурстардың бірінің сайтында 2021 жылы Оңтүстік Корея клиникаларында емделген шетелдік пациенттердің 2,4 пайызы Қазақстаннан, 1,4 пайызы Өзбекстаннан келгені туралы ақпарат берілген. Түркияда халықаралық туризмнің дәстүрлері мен қызметтері медициналық туризмге біріктірілген, мысалы, бірінші дәрежелі қонақүйлер сияқты ауруханалар тамаша қызмет көрсетуде. Түркия Денсаулық сақтау министрлігі шетелдіктерге жергілікті медицинаны насихаттау мақсатында құрған USHAŞ ұйымының веб-сайтында 2021 жылы Түркияда 670 730 шетелдік пациентке жеңіл басқа елдерден 876 521 пациентке медициналық қызмет көрсетілгені туралы ақпаратты таба аласыз. 2022

жылдың алғашқы үш тоқсанында Қазақстаннан келген науқастардың саны тез өсуде. Медициналық қызметтердің бағасы елге, емхана мен дәрігердің деңгейіне, қолданылатын жабдыққа, терапия әдісіне және осы елдегі дәрігерге байланысты өзгереді. Жасыратыны жоқ, Германия мен Израилдегі баға деңгейі Түркиядан жоғары. Бізде тегін жасалатын қарапайым қан сараптамасының құны ең кемі 300 еуродан басталады. КТ, МРТ аппараттарына түсудің өзі әлдеқайда қымбат. Бір сөзбен айтқанда, шетелде емделгің келсе, қалтаңды толтырып баруға тиіссін. Сөйткенде еміңіз шипалы бола ма, жоқ па? Ол жағы белгісіз. Сізге ешкім кепілдік бермейді. Шетелден ем іздеушілер неге көп? Әлде сыртта емделу сән бе деген сұрақтымызды облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақовқа қойдық.

– Тұрғындардың шетелден ем іздеуіне байланысты айтарым, мен әріптестерімді мынау мықты, анау осал деп бөліп-жарғым келмейді. Кеше ғана облысқа Германиядан педиатр, эпидемиолог маман келіп, үш күн болды. Сол кезде оның айтқаны: «Бірінші, сіздің мемлекетте медицина, дәрі-дәрмек, анализдер, зерттеулердің бәрі тегін екен. Бізде мұндай тегіншілік жоқ. Бала ма, карт па бәріне ақылы. Екінші, сіздердің мамандардың деңгейі біздің мамандардан артық демесем де, кем емес екен, оналту орталықтарының құрал-жабдықтармен жарактануы да әлдеқайда жақсы екен» деді. Қолда бардың қадірін білмейтін әдетіміз бар ғой. Аға буын арасында қандай мықты мамандарымыз бар, сол сияқты балалар ауруханасында да білікті, білімді жастар көп. Бірақ өкінішке қарай бағаламаймыз, Өзбекстанға, Қырғызстанға барамыз. Ол жақта әріптестеріміз емделмейтінін біліп тұрса да ешқашан «емделмейсіз, болмайды» деп айтпайды. Мысалы, біздің елде ауруды емдейтін арнайы бекітілген клиникалық протокол бар. Ал Өзбекстанда ондай жоқ, ондағы дәрігерлер өздері қандай ем тағайындағысы келеді, соны ұсына береді. Тағы бір мысал келтіре кетейін. Мен бұл мысалды әрдайым айтып жүремін. Министрлікте істеп жүргенімде бір бала болды, онкологиялық аурумен сырқаттанды. Сол жерде ана мен бала департаменті бар, соның мамандары баланың ауруының емі жоқ екенін айтып, өзімізде бақылауда ұстап, ауруды жеңілдетуді ұсынды.

Қай ата-ана болсын баласы үшін ештеден аябайтыны анық. Бұл баланың әке-шешесі де қарапайым кісілер болса да бүкіл туған-туысынан жылу жинап, Еуропаның бір еліне атын атымай-ақ қойып апарды. Сол жерде дәрігерлер өздерінің балаларына салмайтын препараттарды, яғни дәрілерді еге бастайды. Бала төрт-бес күнде жақсарды, ойнап-күліп, біршама беті бері қарағандай болды. Маған видеосын жіберіп отырды. Оны көріп мен де қуандым. Шынында, біздің әріптестеріміздің айтарлықтай деңгейі, білімі жоқ екен ғой деп ойладым. Бірақ бала екі айдың ішінде сол жақта қайтыс болды. Ата-анасының қолына 200 мың еуроға жақын қарыз чегін ұстағып жіберді. Бұл бір ғана жағдай. Мұндай жағдайлар көп. Осыны ескерсек екен, – деді Олжас Ермекулы.

Сала ардагері Асылбек Тоғызбаев та отандық медицинаның шетелден ешбір кемшілігі жоғын айтады.

– Қазіргі кезде ем іздеп шекара асып жатқандар өте көп. Оны естіп, көріп жүрміз. Берісі Өзбекстан, арысы Германияға ағылып жатыр. Бірақ соның көбі қалталарын қағып, ақшасын тауысқаннан кейін есін жиып, «осыны өз елімізде де жасайды екен ғой» деп осында емін алып жатыр. «Бір жерде алтын бар, барсаң шайтан шығады» деп халқымыз бекер айтпаған ғой. Республиканы айтпағанда облыстың өзінде неше түрлі күрделі операциялар жасалып жатыр. Мысалы, облыстық көпбейінді ауруханада бүйрек трансплантациясы, ашық жүрекке оталар жасалуда. Гинекологиялық түрлі оталар да жиі әрі сапалы жасалып жүр. Соған қарағанда ем емес, сән іздеу ме деп ойлайсың. Әрине мойындауымыз керек, шіріген жұмыртқа қай кезде де, қай жерде де болады. Біздің дәрігерлер арасында да алдына келген науқасқа жылы қабақ танытпай, келушімен дұрыс сөйлеспей, компьютерден басын көтермейтіндер кездесіп жатады. Бірақ ол отандық медицинаның дамуы нашар дегенді білдірмесе керек. Біздің өңірдің өзінде ауруханалардың техникалық жарактануы еш жерден кем емес, дәрігерлердің де деңгейі ешкімнен төмен емес, қаншама жастарымыз небір күрделі оталарды жасап, жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Сондықтан қолда барды бағалай білуіміз керек, – дейді ардагер.

Материалды әзірлеу барысында алыс-жақын шетелге барып, ем іздеушілердің бірнешеуімен біз де тілдестік. Сөз ауанынан байқағанымыз, олардың қай-қайсы болсын сырт елдердің медициналық қызметі туралы айтқанда қызметкерлердің кішіпейілдігін, майда, жылы сөздерімен баурап алатынын аса бір ризашылықпен жеткізеді. Сонымен қатар, оналтуды қажет ететін науқастар үшін шетел клиникалары таптырмас жер екенін алға тартады. Өйткені олардағы ізеттілік, жауапкершілік, ауруға деген жауапкершілік, ең бастысы өз қызметтеріне деген адалдық жоғары көрінеді. Мәселен, қала тұрғыны Лаура екі жылдан бергі төсекке танылған күйеуінің дегіне дауа іздеп Түркияға барған. Клиниканы әлеуметтік желі арқылы тапқан.

– Күйеуім екі жылдан аса төсекке тануды. Түркиядағы бұл клиниканы интернет арқылы таптым. Біздің жағдайымызда операция да, басқа ем де керек емес, тек реабилитациялық ем-шараларға бардық. Ол жаққа бару үшін көпшіліктен қаржы жинадық. Бір ай болып, қажетті ем-дом алдық. Ондағы жағдайды, қызметтің сапасын сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Біздің

дәрігерлердің өзі елде оналту шарасының шетелдегідей дамығанын, енді ғана қолға алынып келе жатқанын айтады. Тіпті Ресейдің өзінде реабилитациялық ем-шаралар біздің деңгейде екен. Осыны естіген сон шетелге баруды көзdedік. Тәуекел етіп, екі жыл бойы қаржы жинап, жолға шықтық. Ұшақтан түскен бойда бізді клиника қызметкерлері күтіп алып, аяқ-қолымызды жерге тигізбей алып жүрді. Клиника қызметкерлерінің көбі жергілікті. Емге баратын кезде өздері төсектен көтеріп, өздері отырғызады. Жуындырып-шайындырып жатқан да өздері. Қызметкерлері өте қарапайым, кішіпейіл. Үнемі жымиып қарап, әрдайым қасыңнан табылады. Тағы бір артықшылығы, физикабинеттерінде түрлі аппараттар бар, солардың бәріне белгілі бір уақытпен өздері апарып, процедураларды қабылдатады. Әр науқасқа қандай ем тағайындайды соны рет-ретімен өздері істеп жатады. Бізде облыстық ауруханадан бастап, «Талсуаттағы» оналту орталығына дейін барып, ем алып шықтық. Бізде мұндай жағдай жоқ. Құрал-жабдықтар болғанымен, медициналық қызметкерлер тарапынан науқасқа деген кішіпейілдік, жанашуды байқамадық. Емнің өзін өзіміз айтып жүріп аламыз. Біздегі оналту орталықтарында қызмет істейтіндер әйел кісілер, жас қыздар. Сондықтан біздің ауруханаларға да ер кісілерді көбірек жұмысқа алу керек деп ойлаймын. Түркиядағы клиникада Локомат деген аппарат бар. Науқасты құрсаулап, тұрғызып, жаттығу жасатады, яғни тірек-қимыл аппараты. Соған күн сайын апарып, ем жасайды. Ол құрылғы біздің оналту орталығында да бар, бірақ күйеуімді оған бірде-бір рет отырғызған емес. Біздікілер оған тек инсульттан кейін өздері жүре алатын науқастарды жібереді. Өйткені оларға артық жұмыс қажет емес. Қысқасы, біздегі оналту қызметі мен шетелдегі оналтудың арасы жер мен көктей екеніне көзім жетті. Одан бөлек, медицина қызметкерлерінің адаммен қарым-қатынасы, сөйлесу мәдениеті, науқасқа деген жанашырлығы тіпті керемет. Біздің сала мамандарына осы жетіспейді деп ойлаймын. Өйтпесе шетел клиникаларындағы құрал-жабдықтар бізде де бар екен, – дейді Лаура.

Жазғы еңбек демалысында әріптесіміз Өзбекстанға барып, тісін еметті. Жұмысқа келгені бәріміз ортаға алып, жай-жапсарын сұрадық. Айтпақшы, бір танысымыз осында бес жүз мыңға жуық ақшаға тісін еметіп, керамикадан салдырған. Сөйтсе тістері қысық салынып, күткен үміт ақталмады. Бірнеше ай дауласып жүріп, жарты ақшасын әзер алған еді. Осыны естігенімізді бізге еліне барғаны. Содан оншақты тісті емдетуі бар, ағартуы бар, керамикадан салдырғаны бар 250 мың теңге жұмсапты. Мұны естіген біразымыздың сол жаққа ансарымыз ауаны рас. Бірақ екі аптадан аса емделгенде жатып-тұратын қонақ үйіне күніне 17 мың теңгеден төлегенін естігенде көңіліміз су сепкендей басылды.

Таяқтың екі ұшы бары секілді әр нәрсенің де екі жағы бар. Бір анығы – шетел асу арқылы халқымыз өзге мемлекеттің қазынасын толтыруға үлесқосып жатқаны. Елдемедициналық туризмді дамыту мәселесінің көтерілгені қашан. Бірақ өзінде нәтижесін көріп отырғанымыз жоқ. Керісінше, азаматтарымыз шекара асып, ем іздеп жүр. Кінә кімде, кінәрат неде?

Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

## ҚАТЕЛІГІНЕН САБАҚ АЛҒАНДАРДЫҢ ОҢ ҚАДАМЫ

Қызылорда қаласы бойынша 500-ге тарта адам пробацзия есебінде тұр. Олардың арасында көпестік жасына толмағандар да, мемлекеттік қызмет атқарғандар да, жұмыссыздар да, зейнеткерлер де, мүгедектер де, көпбалалы аналар да бар. Бұдан қылмыс жасауға бейім дамдардың ортақ портретін жасап шығару мүмкін емес екенін көреміз.

Облыстық ҚАЖ департаментіне қарасты қалалық пробацзия қызметі бастығының орынбасары Гүлнұр Байсариева адамдардың бес түрлі жаса бойынша есепке алынатынын айтты. Олар – бас бостандығы шектелгендер, шартты түрде сотталғандар, қоғамдық жұмысқа тарту түріндегі жазаға кесілгендер, нақты себептермен жазасын өтеу кейінге қалдырылғандар және белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылғандар. Алаяқтық, ұрлық және бұзақылық сияқты шалыс қаламға баратындардың үлес салмағы басым. Ал қайталап қылмыс жасайтындардың саны азайған. Өткен жылдың 9 айында бұл көрсеткіш 22 болса, биыл 15-ке төмендеді.

– Қылмыс жасайтындардың дені – бұрын сотталғандар. Түзеу мекемесінде отырғанда арқасуыер жақыны – әкесі немесе шешесі қайтыс болып, бостандыққа шыққасын өзін далада қалғандай сезінеді. Үйіне оралғасын жеңгесі сыйдырмай, арада ұрыс-жанжал туып, соны өкінішке ұласатын жағдайлар болады. Тәп-тәуір қызметте жүрген кісілердің адам өлтіріп алған кездері бар. Сондықтан «мына адам қылмысқа бейім» деп кесіп айту қиын, – дейді Гүлнұр Байсариева.

Есептегілердің жүріс-тұрысын, тәртібін пробацзия қызметкерлері қалт жібермейді. Электронды бақылау құралы – браелет арқылы күнделікті жүрген жерін бақылап, тұрғылықты мекенжайынан тексеріп отырады. Оларды

қоғамға бейімдеу, қайтадан теріс жолға түспес үшін профилактикалық жұмыс атқарып, құқықтық, медициналық, психологиялық көмек ұсынады.

– Оқудан немесе жұмыстан кейін үйінде болуы керек. Бізге айына екі рет келіп, келгені жөнінде белгі осықтарып тұруы керек. Тәртіп бұзып, екі рет ескерту жасалғаннан кейін сотқа бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру жөнінде ұсыныс жолдаймыз. Сот шешім шығарады. Қызметкерлеріміздің көбі – қыз-келіншектер, оларға кесірі тиген жағдайлар кездесті. Бірнеше жыл бұрын бір қызметкерімізді үйінде ішімдік ішіп отырған сотталушы басынан ұрып жіберіп, бас бостандығынан айырылғаны бар, – дейді пробацзия өкілі.

Сотталғандарды қоғамға бейімдеудің бірден-бір жолы – оларды еңбекке араластыру. Биыл барлығы 164 адам екі қолға бір күрек тапты. Ал қала әкімінің квотасымен 42 адам тұрақты жұмысқа орналасты. Бұл ретте пробацзия өкілдері прокурорлардың ықпалы зор екенін атап өтті. 12 адам мемлекеттен қайтарымсыз грант ұтып алып, шағын бизнеске бет бұрды.

– Олар пробацциялық бақылауда тіркелген күннен бастап кәсіп ашуға ниет білдірген. Инспекторлар құқықтық түсіндірме жұмысын жүргізіп, құжаттарын жинақтап, жергілікті атқарушы органдарға жіберген. Алдымен, «Бастау-Бизнес» жобасы аясында «Атамекен» кәсіпкерлер

палатасында кәсіпкерлік негізін оқыды. Өздері бизнес жоспар дайындап, комиссия мүшелеріне ұсынаған. Комиссия мүшелері оны мақұлдап, әрқайсысы мемлекет тарапынан 1,5 млн теңгеге жуық қайтарымсыз грант ұтып алды. Грант иегерлерінің бірі мал шаруашылығымен айналысуға ден қойса, енді бірі көлік жөндеу орталығын жабдықтады, – дейді облыстық ҚАЖ департаментінің ішкі коммуникация қызметінің маманы Данагүл Достанова.

Қателігінен сабақ алып, алдағы мақсатын айқындағандардың тағы бірі мемлекет ұсынған



Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»



ТАҒЫМ

# СОҒЫСТЫҢ ҚАҒАРМАНЫ, ЕҢБЕКТИҢ МАЙТАЛМАНЫ

...1916 жыл. Ұлт-азаттық көтерілісі өршіп тұрған кез еді. Барлық жер абыр-сабыр. Адам адамға үрке қарайды. Өр белдің астында екеуден орналасқан қазақы үйлерде білте шам сығырая жанады. Кейде екі үйдің арасының өзі әудемжер. Ауылдан береке кетіп 16 жастағы бозбалаларды патша ағзам әскерге шақыртып жатса, 19 бен 43 жас аралығындағы тепсе темір үзетін ер-азаматтар Сібірге жұмысқа алынады делініп, ел наразылығын тудырған тұс. Орыс патшасының бұл жарлығына қазақтар қарсы шығып, Торғай өңірі мен Жетісу аймағында ірі көтерілістерге ұласып, басқа өңірдегі азаматтар да қозғалысқа үн қоса бастаған.



Дәл осы жылдың наурыз айында Сыр өңіріндегі Жалағаш жерінде атақты «Шынар көлі» жағасындағы «Шәмен тамы» кыстауында Шәмен шебердің отбасында Мөрәлі атты сәби өмір есігін ашты. Бұл Шәмен шебердің 46 жасқа келгенде көрген алғашқы перзенті еді. Бір перзентке зар болып, жаны жабырқап, салы суга кетіп, көңілі төмен тартып жүргенде көрген тұңғышы ғой бұл. Құдайдың кеңіліне шек жоқтығына осылай анық көзі жетті. «Бәрі Құдайдың қолында» делінген шариғат жолы рас екен ғой деп, басын сәждеге, екі қолын кеудесіне қойып, Аллаға алғыс айтумен болды.

Жаратқанның жарылқауы деген осы болар, ерні жібіді, алаң көңілі орнына түсіп, шаңырақ ұстар ұлды болды. Заманы болса мынау, аласапыран. «Тұяқсыз кетем бе?» деп ішқұса болып жүргендегі көрген қуанышында шек жоқ еді. Әйелі оның кіндіктен жалғыз екенін әріден ойлап, өзіне перзент бермеген Тәңірдің жазуына мойындап, жаны ауырса да, жатқа қимаса да, азаматтың алтын басын қадрілеп, бір шешімге тоқтап, өзімен сүйектес, ауылдағы ірі саудагер Маханның қызы Айым бегімді құда түсіп алып берді. Міне, үлкен әйелінің ақылдылығының арқасында, Құдайдың қалауымен перзентті болу себебі де осы еді.

Шаңырағында баланың дауысын естіген Шәмен шебердің жаны рахаттанып, құс жастыққа шынтағын тірей отырған сәтте көзі ілініп кетсе керек. Басында ақ сәлдеі бар, күмістей жарқыраған сақалы белуарына түскен, ақ киімді, тұлғалы кісі келіп, оң қолының алақанын ашып мөр ұстатып тұрып, «сәбидің есімін Мөрәлі деп қой» дейді де, бірден ғайып болады. Сол сәтте селт етіп оянған Шәмен шебер айналасына аң-таң күйде қарап, түсі екенін аңдайды. Бір жағынан оны Қызыр атаға ұқсатты. Іштей тілін қаламаға келтіріп, рухына Құран бағыштады.

Отбасын шаттыққа бөлеген баланың бетін ашып қарағанда торсық шекелі, бұйра шашты, жасыл көзді, сүйкімді ұлды көрді. Жібере с жүгіріп кетердей, екі аяғын тынымсыз қозғап жатқан баланы «Бісмилла» деп қолына алып, құлағана үш рет «Сенің атың Мөрәлі» деп айтып, есімін қояды. Бұл 1916 жылдың жылжымық көктемі еді.

Сол Мөрәлі тұңғышы кішкентайнан өте ширақ, сөзі мұрда оғындай пысық болып өсті. Оны көрген Шәмен шебердің қатарластары «Шәмен-ау, осы балаң ертең бір жерден шығады, көресің! Жұрттың баласы жүгіргенде тегіс жердің өзінде сүрініп құлап жатады, сенің балаң өте жылдам қимылдап, қатарластарың шаң қаптырып кетіп жүр. Көресің, біздің айтқанымыз келіп елдің ағасы болады!» десе, «Айтқандарың келсін!» деп жылы жымынып бетін сипайды екен.

Қатарластарының олай деп айтатын себебі бар. Шәмен сөзге сараңдау келгенмен, істің көзін, жобасын, нобайын өте жақсы білетін кісі болған. «Қараөзек» арнасы бойындағы Қонысбай қонысында 1870 жылы дүниеге келген ол шаруаға жақын болып өсті. Әсіресе, судың жүретін жолын жақсы білген. Содан болар, ағайынға тың жерге егін салдырып, асарлатып қолмен канал қаздырған. Өзі қаздырған «Шәмен арығы» Әліби алқасын күні бүгінге дейін сумен қамтамасыз етіп, елдің ырзылығын тасытып тұр. Осы канал бойына ауылдағы ағайынды егінін салып, шөбін шауып, төрт түлігін түлетіп отыр. Шәмен шебер Түмен әулие мен Мәмбет әулиені пір тұтқан. Осыдан болар, ұрпағы Айтмұрат пен Өмірбек қос әулиенің мазаратын жанартты. Шәмен шебердің елі үшін қаздырған каналы жұрттың қызмет етуі, оның рухын жанарта, жаңғырта түскендей. «Жақсының аты өшпейді» деген осы шығар.

1930 жылдары ел ішін ашаршылық жайлап, халық қуанышымен зор жапа шекті. Осындай ауыр шақта күнкөрісі қиындаған Шәмен шебер

отбасы жер ауып Өзбекстанды паналайды. Ташкенттің «Шыршық» елді мекеніне уақытша барып тұруға бел байлайды. Алайда, Мөрәлінің соңына ерген екі қарасы Ақәділ мен Жанәділін амалдың жоғынан, жанын сақтау үшін Қызылордадағы балалар үйіне тапсырып кетеді. «Балалар үйі» өлтірмес деген үміт ойында тұрды. Сол кездегі күнкөрістің қаншалықты қиын болғанын, жайлаған аштықтың ауыр зардабын осы екі баланың тағдырынан біле беріңіз.

Арада екі жыл өткенде Қызылордаға, елге қайтып келгенде олардың «Балалар үйінен» жоғалып кеткенін бір-ақ біледі.

14 жастағы Мөрәлі Ташкентте жүргенде-ақ су шаруашылығында мұрап болып жұмыс істейді. Көп қиыншылықты көргеннен болар, тез есейді. Қызылордада қалған қос бауырын жиі ойлап, олармен бірге болуды армандайтын. Іштей «бауырларым тірі болса, түбі тауып аламын» деп ойлайтын.

Бала Мөрәлі ауыл балаларымен бірге өзінің туған жері іргесіндегі «Қарақожа» мешітіндегі Бәку қожадан дәріс алып, тілін сындырды. Сөйтіп жүріп төте оқуды игеріп, қаріп таныды. Жастайынан оқуға өте зерек, алғыр болған. Ал Ташкентте жұмыс істеп жүргенде орыс тілін меңгерді. Артельге біріккен ауыл адамдары Кентүбектегі Матай жайлауы алқабына егін салады. Ауыл балаларымен бірге Мөрәлі де ат соқаға отырып жер жұртса, екінің жағынан табель жүргізіп, «табелші бала» атанды. Осылайша 15 жасында туған жерінде еңбек жолын бастады. Өзінің ізденімпаз, зеректігі мен алғырлығынан болар, 1932 жылы ауылдағы бастауыш мектепте бала оқытуға кіріседі. Жас жігіт мұғалімдікті 4 жылдай атқарды. Осы кезде қолынан келгенше халқына қызмет етуді алдына мақсат етіп қояды.

1937 жылдың мамыр айынан «Қаракеткен» стансасының байланыс бөліміне басшы болып барады. Жан-жақты азамат бұл жерде жинақ қасасының қызметін қоса атқарды. Ол кезде Мөрәлі Шәменов 21 жаста болатын. Бұл екі жұмыс аздай жергілікті басшылық оған МТС-тың бастауыш комсомол ұйымына жетекшілік жасауды тапсырды. Қызу жұмыстың бел ортасында жүрген шақта 1939 жылы Қармақшы аудандық әскери комиссариатынан шақыру келді. Ол кезінде әскерге бару-бармау деген мәселе талқыланбайды. Қолында карт әкесі мен анасы, қарындасы, келіншегі Ақшоңық бар. Олардың жағдайы не болмақ, осыны ойлап қиналды. Қолына қарап отырған төрт аламды қайда тастамақ? Амалы жоқ, бәрін бір Құдайға тапсырып кете барды.

1939 жылы 30 қарашада фин соғысы басталды. Қызыл әскер Мөрәлі Шәменов 457-ғаубицалық артиллерия полкіне қатардағы жауынгер еді.

Бұл соғыста Карел мойнағында қиян-кескі ұрыстар жүрді. Кеңес одағы фин соғысын 2-3 апта ішінде аяқтаймыз деген К.Мерещковтың жоспарын бекіткенмен, ол жүзеге аспай қалды. Соғыс ақырында 1940 жылдың 12 наурызында КСРО Финляндия арасында бейбіт келісімге келу арқылы тоқтатылды. Бар-жоғы 3-4 ай уақыт ішінде КСРО Финляндияның бірқатар жерін жаулап алды. Фин бұғазында бірнеше арал мен «Рыбачий» түбегі, бұдан басқа «Ханко» түбегін жалға беруге келісімге келді. Карелияны өз жеріне қосып алды. Осы уақытта Қызыл армиядан 72 408 адам қаза болса, 17 520 адам хабар-шарсыз кеткен, 20 мың жауынгер тұтқынға түскен. Ал фин жағының шығыны бұдан әлдеқайда аз болған.

Фин бұғазы мен «Маннергейм линиясына» шабуылдаудағы соғыс өте ауыр жағдайда өтті. Қатардағы жауынгер Мөрәлі Шәменов бекіністер мен майдан шебінде болды. 1940 жылдың наурыз айынан 126-атқыштар дивизиясының

атқыштар полкіне бөлімше командирі болып тағайындалды. Бұл 1-Мәскеу атқыштар дивизиясының 3-атқыштар полкі негізінде жасакталған.

Фин соғысы аяқталысымен 1940 жылдың маусым айында дивизия толық құрамымен Латвияға орналастырылды. Ал Мөрәлі Шәменов Архангельск қаласында арнайы командирлер дайындайтын 7 айлық курстан өтіп, офицерлік лейтенант шенін алған болатын.

1941 жылы маусымда Каунас қаласының шекара шебінде еді. Осы жерде өзінің бөлімшесімен бірге шекараны қорғап тұрды. Таңертең соғыс өрті тұтанып, ұшақтар тізбегі Каунас, Киев, Минск, Одесса, Севастополь қалаларына әуеден шабуыл жасап, тас-талқан ете бастайды. 6-10 аптаның ішінде КСРО-ның күлін көкке ұшырамыз деген Гитлердің жоспары мен шабуылы қатты болды. Өне-міне дегенше, Литваны, Латвияны, Молдавияны, Эстония, Беларусьпен мен Украинаның едәуір жерлерін басып алды.

Баскыншылар ентелей алға өрлеп, халықты аямай басып-жанша бастайды. Душпанның алғашқы алапат қанды қырғынында-ақ 366-атқыштар полкінің бөлімше командирі Мөрәлі Шәменов соғыстың бел ортасында болып, фашистерді кескілескен ұрыспен қарсы алды. Алғы шептегі шекарада тұрған ер немістің 39-моторландырылған корпусының жойқын соккысының астында қалды. Алытас қаласына шегіне отырып, 5-танк дивизиясымен бірге ұрысын тоқтатпайды. Дивизия 22 маусымнан бастап Пренай аймағында неміс десанттарымен кескілескен ұрыс жүргізе, Неман өзенінен жүзіп өтіп көпірді жарды. 1941 жылы шілдеде Дина маңында бекініп, 2355 әскері бар олар 62-атқыштар корпусының құрамына кірді. Осылай күш біріктіре отырып, Великие Луки қаласын жаудан арылтуға қатты ұрыс жүргізді. Фин жерінде соғыстың сүзгісінен өткен ол соғысу тәсілінің қыр-сырын толық меңгерді.

Аспан асты сағат сайын жарылыс. Жан-жақтан жарқылдай, зуылдай, шыңылдай ұшқан оқ, қара жердің топырағын көкке көтерген граната мен миналар жарылысы құлақ тұндырады. Соғыстың алғашқы күні неміс баскыншыларының аяқастынан жасаған шабуылы Кеңес әскерін есінен тандырып тастағанын шыңдықты еді.

Осы қанды қырғындың ортасында жүрген тәжірибелі аға лейтенантты 1942 жылдың қарашасында 88-атқыштар дивизиясы 426-полкінің барлау взводының командирі етіп жіберді. Барлау қызметінің жұмысы белгілі. Немістерден тіл әкелу – басты міндет. Олардың күрған жоспарын алдын ала білуге тырысу қажет. Міндет пен жауапкершілік жүгі өте ауыр. Фашистердің оңайлықпен алдырта қоймасы тағы анық. Ал берілген тапсырма орындалуы тиіс. Ол үшін батылдық, жүрек-тілік, тез шешім қабылдай алатын алғырлық, жауды алып түсетін айла-тәсіл керек. Әсіресе, әскери құралдарды өз жөнімен дұрыс пайдалану, жаудың координатын дәл табу, инженерлік тосқауылдарды, қолдалған карта мен берілетін сигналдарды тап басып ажырата білу, төбелес тәсілдерін, неміс тілін жақсы білу, ұсталған тілге дұрыс сұрақ қою секілді өте күрделі тұстары бар. Осының барлығы Мөрәлі Шәменовтің бойында болғандықтан аталған қызмет оған сеніп тапсырыла керек. Офицерлік курста оқып жүргенде бәрін игеріп алды. Неміс тілін еркін сөйлейтін. Бұл жұмыста да көзге түскен Мөрәлі Шәменов 326-атқыштар дивизиясының 1101-атқыштар полкіне штаб бастығының барлау жөніндегі көмекшісі болып тағайындалды. Қызыл тулы Рославль 326-атқыштар дивизиясы толық құрамымен Мәскеу түбінде, Ржев, Рославль, Ленинград және Псков қалалары үшін жан берісе соғысты. Эстонияны азат етті. Жауды Пруссияда талқандап, Германияның

Эльба жағасында жеңіспен аяқтады.

Мөрәлі Шәменов осы қырғын соғыста 3 рет ауыр жараланды. Талай қанды шайқасты басынан өткергені үшін 12 рет КСРО-ның Бас қолбасшы И.Сталиннің Алғыс хатын алған. Бұдан басқа соғыста төрт орден, үш медальмен наградталған. Олардың білгендіктен болса керек. Сондықтан Кеңес одағының бұйрығы солай болған саяды. Негізінде бұл қала аты «әскери қамал» дегенді білдірсе керек. Сөйтіп 1946 жылы елге қайтуға рұқсат етілді. Жеті жыл Қызыл армия қатарында жүріп, қиын-қыстау кезеңді басынан өткергені белгілі. Оған берілген ордендер мен медальдар – соның айғағы. Соғыста жүріп көп нәрсені үйренді, көзімен көрді, білді.

Туған жерге оралысымен бірден ел тірлігіне араласып кетті. 1946 жылы мамыр айында Қызылорда облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет етеді. Өмірді көрген, барлық саяси, әлеуметтік-экономикалық жұмыстардың ортасында жүріп орындаушы болған. 1950 жылы облыстық кәсіподақтың төрағасы болып сайланды. Сол жылы Еңбекшілердің Қызылорда қалалық кеңесінің депутаты болды. Еңбекшілер мүддесін қорғауда көптеген істі жүзеге асырып, кәсіподақ ұйымдарын құрды.

1951 жылы облыстық «Ленин жолы» газетіне Қазалы және Қармақшы аудандарының меншікті тілшісі қызметіне ауысты. 1930 жылдардың соңғы жағында МТС-тар жанынан саяси бөлім құрылып, оның дербес газеті шығарылған. «Қаракеткен» қонысындағы МТС саяси бөлімінің органы «Колхозшы» газетін шығарды. Сахи Жарылқасынов редактор болса, Мөрәлі Шәменов жауапты қызмет атқарған. Сол уақытта жалынған 18 жаста екен. Өзіне етене таныс жұмыс болғандықтан тілші қызметіне кірісіп кетті, 1954 жылы «Ленин жолында» бөлім басшысы болды.

1954 жылы Шиели аудандық пленумында М.Шәменов аудандық бюро мүшелігіне сайланып, аудандық «Стахановшы» газетіне редактор болып тағайындалды. Оны 1955 жылдың қазан айына дейін абыроймен атқарды. Сол жылдың күзінде облыстық партия комитеті бюросының шешімімен Жалағаш ауданындағы «Коммунизм» колхозына председателі болып келді. Шаруашылыққа келген бетте колхоздың еңбек ұйымдастыру жұмысын жолға қояды. Есеп-қисап жұмысы бетімен кеткенін байқады. Осының бәрін ретке біртіндеп келтірді. Төрт түлікке қайтадан есеп жүргізіріп, мал басын түгендетіп алды. Құйтырқы істерді түбімен жойып, Жалағаш ауданы орталығынан дүкен аштырып, сүт өнімдерін сонда сатқыза бастады. Осыдан бастап колхозшылар табысы жоғарылай түсті. 1957 жылы колхозшылардың ақшалай табысы 3 миллион сомнан асты. Сөйтіп жыл санап шаруашылық өнімі артты. Күріштің, жүгерінің, бидайдың, жоңышқаның өнімдері де жоғарылады. Осылай колхоз жұмысын өрге бастырды. Адал еңбегіне қарай озаттар қатары көбейді. Ауыл орталығынан радио торабын ашып, күнделікті шаруашылықтың тыныс-тіршілігін беріп отырды.

Еңбек озаттарына, озат бригадаларға арнап концерттер бергізді. Ауыл көшпелерін ретке келтіріп заманауи үйлер салуды, 1968 жылдары ауылда көшелеріне су жүйесін орнатып, халықты таза ауызсумен қамтамасыз етуді қолға алды. Еуропалық үлгімен көше-

лерге талдар отырғызылып, ауылды жасыл абатқа айналдырды. Тұрғындарды малға ие болуға шақырып жиі жиналыстар өткізіп тұрды. Оған көнбеген тұрғынның малын жойып жіберіп, ақшасын беріп отырды. Сөйтіп ауыл тұрғындары малын падаға қосып, ие болды. Есік алдындағы бау-бақшаны аяқсумен қамтамасыз етті. Осындай тәртіпті ауыл тұрғындары ешбір реніссіз мойындайды. Көшелері көкке көмкерілген ауыл бейнесі жыл санап ажарлана түсті.

Колхоздың жылдық табысы есебінен құрылыс жүргізілді. Басқарма кеңесі, тұрғын үйлер, көлік қоятын гараждар, астық қоймалары, ірі кара, қой қоралары жыл сайын салына бастады. Қарақұм мал жайылымынан қаракөл елтірісін дайындайтын пункттер салынды. Жазда егін басында алғаш рет облыс бойынша дағал қосындарын ұйымдастырды. Бұл ел шаруашылығы саласында тез қолдау тапты. Осыдан соң колхоз ірі совхозға айналып, мал мен егінді өркендетте түсті, облыстық семинар-кеңестер өткізудің алаңына айналады, өздерінің озық тәжірибелерін айналаға тарата бастады.

Сол семинар-кеңестерде сөйлеген Сөзінде Мөрәлі Шәменов: «Адамға деген қамқорлық біздің мемлекетімізде ерекше сипат алған. Сондықтан адамға барлық жағдай жасалып көңіл бөліне, олардың қоғамдық еңбекке араласуы да белсенді болмақ» деп айтқаны бүгінге күнге дәл келеді. Бұл жерде айтпағанымыз, бүгінде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев та еңбек адамдарын сыйлау, құрметтеу, жағдайын жасау керектігін жиі айтады. Ол еңбекті бағалау – өндірістің ырысы, табысын, өнімін арттыратынын білді, алдымен еңбеккерлердің еңбегін бағалады. Соның арқасында «Коммунизм» совхозының табысын еңбеккерлердің қол-көсірге кенелткені соншалықты, республика бойынша алғаш рет шаруашылық «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Міне, шаруашылықтың шыққан шыңы, алған асуы. Бұның бәрі сол ауылдағы еңбек адамдарының қосқан үлесі.

Адал еңбек ете білгенін арқасында «Ленин», «Октябрь революциясы», «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен марапатталады. «Коммунизм» совхозын басқарған 20 жылдың ішінде оның экономикасын барынша көтерді. Совхоз орталығындағы мәдени кешендердің әрбірін жылдық тапқан пайдасы есебінен салдырып отырды. Сыртқа қол жаймады. Осындай елеулі еңбегін бағалаған ауыл халқы шаруашылықты Мөрәлі Шәменов атымен атауға қолдау білдірді. Сөйтіп, бір кездері өзі басқарған «Коммунизм» совхозы бүгінде Мөрәлі Шәменов атындағы ауыл және ауылдық округке айналды. Шаруашылық орталығында Мөрәлі Шәменовтің еңселі ескерткіші бой көтерген. Сондай-ақ Айтмұрат баласы ауыл ортасынан жүз аламақ арнап Мөрәлі атындағы заманауи мешіт тұрғызып, халықтың пайдалануына берді. Ауыл тұрғындары мешітке өте құдайы-ас таркатады. Өзі өмірден етсе де саналы ұрпақтары өке есімін биіктете түсіп, ғибадат орнының ақысыз қызмет көрсетуіне жағдай жасап қойған. Жақсы адамның өзі өлсе де халыққа пайдасы тиіп жатқанын байқады.

Міне, Ұлы Отан соғысының қаһарманы, еңбектің майталманы, ауыл шаруашылығы саласының көрнекті ұйымдастырушысы, қоғам қайраткері Мөрәлі Шәменовтің өмірден озғанына биыл 50 жыл толып отыр. Алдағы жылы Жеңіске 80 жыл толмақ. Осыған орай өзінің атындағы ауылда рухына арнап ас берілмек. Бұл – ел ағасына деген ұрпақ құрметі.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,  
Ақпарат саласының үздігі



ЖОБА

## Қызылорда облысының 2025 жылға арналған әлеуметтік саласы бойынша квоталар белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 107-бабына, «Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы №207 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 32737 болып тіркелген) және «Ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 17 қазандағы №446 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №33564 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысының 2025 жылға арналған әлеуметтік саласы бойынша квоталар белгіленісі:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыскерлердің тізімдік саны 50 адамнан асаатын және одан жоғары жұмыс берушілерге екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орыбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қызылорда облысының әкімі

Н. Нәлібаев

Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысына 2024 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ 1-қосымша

Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыскерлердің тізімдік саны 50 адамнан асаатын және одан жоғары жұмыс берушілерге екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру квотасы

Р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 71 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	101	3	1
2.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 248 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	59	2	1
3.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 66 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	66	2	1
4.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «Жарасқан Әбілрашев атындағы № 62 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	211	3	1
5.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «Узақбай Қараманов атындағы № 262 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	203	3	1
6.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «Т.Г. Шевченко № 13 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	133	3	2
7.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 220 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	180	3	1
8.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Арал ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 19 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	166	3	1
9.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «К. Сәтбаев атындағы № 216 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	102	3	2
10.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Жанқожа батыр атындағы № 70 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	116	3	1
11.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Б.К. Мергенбаев атындағы № 226 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	119	3	2
12.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Ғ. Мұратбаев атындағы № 91 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	56	2	1
13.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қармақшы аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	730	4	2
14.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «А. Жанпейісов атындағы № 105 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	107	3	1
15.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 1 санаториялық бөбекжай бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	55	2	1
16.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 272 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	146	3	1
17.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 277 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	188	3	1
18.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің «Ү.К. Тоғанов атындағы № 183 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	99	2	1
19.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 114 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	96	2	1
20.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «Ә. Бердаулетов атындағы № 34 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	67	2	1
21.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің «№130 Абай атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	111	3	1

22.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің №37 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	224	3	1
23.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің №129 Ә.Жәнішев атындағы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	150	3	1
24.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Сырдария ауданы бойынша білім бөлімінің №36 Әбділда Тәжібаев атындағы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	257	4	1
25.	«Мағжан и Қ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	300	4	1
26.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сырдария аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	701	4	2
27.	Қызылорда облысының білім басқармасының Шиели ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 156 Н.Бекежанов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	157	3	1
28.	Қызылорда облысының білім басқармасының Шиели ауданы бойынша білім бөлімінің «№ 46 А.Пүшкін атындағы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	276	4	1
29.	«Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «№ 10 Шиели ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	72	2	1
30.	«Шиели ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Бұдабай Қабылдулы атындағы Шиели аудандық мәдени-шарғармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	51	2	1
31.	«Ақмая» шаруа қожалығы	78	2	1
32.	«Төңкеріс Қ» шаруа қожалығы	74	2	1
33.	«Қазсушар» ШЖҚҚРМҚ «Сыр суы» филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі	178	3	1
34.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «С.Сапарбеков атындағы №125 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	149	3	1
35.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «С.Қожанов атындағы №55 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	119	3	1
36.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «Ж.Қыдыров атындағы №54 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	97	2	1
37.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «Исатай Әбдікәрімов атындағы №168 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	131	3	1
38.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№224 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	80	2	1
39.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№245 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	62	2	1
40.	«Қызылорда облысының білім басқармасының Жаңақорған ауданы бойынша білім бөлімінің «№194 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	130	3	1
41.	«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» акционерлік қоғамының Қызылорда филиалы	60	2	1
42.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесі	229	3	2
43.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Еркін Әуелбеков атындағы № 4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	147	3	1
44.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Әлия Молдағұлова атындағы № 173 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	185	3	1
45.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Қуаныш» санаториялық бөбекжай балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	82	2	1
46.	Қызылорда қаласы шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда тазалығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	490	4	1
47.	«Қызылорда облысының білім басқармасының М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	250	3	1
48.	«Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Сыр суы» филиалы	1721	4	3
49.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№ 5 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	416	4	1
50.	«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Абылайхан атындағы №140 қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	156	3	1
51.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «б қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесі	644	4	1
52.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сен бейінді қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	485	4	2
53.	«Келешек» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	182	3	1
54.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№ 3 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	529	4	1
55.	Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық орталық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	465	4	1
56.	«РЦКУ-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	185	3	1
57.	«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы	907	4	2
58.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы «№ 1 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	351	4	1
59.	«Албал и Қ» толық серіктестігі	199	3	1
60.	«QazaqGaz Aimaq» акционерлік қоғамы Қызылорда өндірістік филиалы	199	3	1
61.	Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	172	3	1

62.	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№ 4 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	386	4	1
63.	«Мелиоратор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	490	4	1
64.	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» филиалы	2652	4	2
Барлығы облыс бойынша		17 979		74

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына 2-қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру квотасы

Р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	Жеке кәсіпкер «К. Айтұғанова»	4	25	1
2.	Жеке кәсіпкер «С. Қошқарбаев»	5	20	1
3.	«Тамшы-su» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	25	4	1
4.	«Ғарыш-инфрақұрылым» коммуналдық мемлекеттік мекеме	18	5,5	1
5.	«А. Бірлік» шаруа қожалығы	9	11,1	1
6.	«Ашірбеков» шаруа қожалығы	7	14,3	1
7.	«Тәжібек» шаруа қожалығы	10	10	1
8.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	635	0,31	2
9.	«СМП-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	170	1,18	2
10.	«Промстройсервис Е» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	30	3,33	1
11.	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жөлуашылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жасыл Қызылорда» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	230	0,87	2
12.	«Адем Жан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	30	6,67	2
13.	«Завод Композитных труб» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	30	6,67	2
Барлығы:		1 203	15	18

Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына 3-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру квотасы

Р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	«Арал құрылысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	49	4,1	2
2.	«Тамшы-su» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	25	4	2
3.	МКК ҚЖСО «Қазалы-Теміржолжылды» филиалы	66	1,5	1
4.	ШЖК «Қармақшы аудандық ауруханасы» МКК	728	0,1	1
5.	«Достық жер МК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	41	2,4	1
6.	«Онталап» шаруа қожалығы	90	1,1	1
7.	«Октябрь су топтық құбыры» өндірістік бөлімшесі	88	1,1	1
8.	«Жосалы кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	2,0	1
9.	Жеке кәсіпкер «Ж. Алшаразова»	7	14,2	1
10.	«Greenorda Project» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	10,0	1
11.	«Инфракос» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМҚ	164	0,60	1
12.	«Мақпалкөл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2	1
13.	Жеке кәсіпкер «Сырымжан»	2	100	2
14.	Жеке кәсіпкер «Асылжан»	2	100	2
15.	Жеке кәсіпкер «Мерей и Қ»	8	12,5	1
16.	«Құдабай» шаруа қожалығы	2	50	1
17.	Жеке кәсіпкер «Асылым»	1	100	1
18.	Жеке кәсіпкер «Қожанов»	1	100	1
19.	«РҮ-6» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	489	0,2	1
20.	«KAZCHINNUR» (КАЗЧИННУР) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	18	5,5	1
21.	«Фирма Балауса» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	201	0,5	1
22.	«К. Төңкеріс» шаруа қожалығы	74	1,3	1
23.	«Orda Best Stroу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	7	14	1
24.	«Тәжібек» шаруа қожалығы	10	10	1
25.	«Серікбай» шаруа қожалығы	10	10	1
26.	«F1 Oil» дара кәсіпкер	5	20	1
27.	«Lux» дара кәсіпкер	5	20	1
28.	«Бейбарыс» шаруа қожалығы	8	12,5	1
29.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	635	0,16	1
30.	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда тазалығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	490	1,02	5
31.	«Әлем Қызмет Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	25	4,0	1
32.	«СМП-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	170	2,94	5
33				



